

**Аққайың жалпы орта білім беретін мектебі бойынша қамқоршылық кеңесінің отырысы**

**Хаттама №4**

**Өтілген күні:** 13.01.2023ж

**Қатысқандар:** Закирова Г.К

Абилхаева Қ.Т

Әбілхаева Г.Н

Қамқоршылық кеңес мүшелері

**Күн тәртібінде:**

1. 2022-2023 оқу жылындағы мектеп жұмысының ІІ жарты жылдық жұмыс жоспары.
2. Мектептегі жаңа жылдық безендіру мен жаңа жылдық сыйлықтарға жұмсалған қаражат есебі.
3. 2022-2023 оқу жылындағы ІІ жарты жылдықта тегін ыстық тамақты ұйымдастыру.

**Тыңдалды:**

**Бірінші мәселе бойынша** мектеп директоры Закирова Г.К сөз сөйледі.

Мектептің ІІ жарты жылдық жұмыс жоспарын таныстыра отырып, мектеп пен ата-ана, оқушы мен мектеп арасындағы байланыс яғни қарым-қатынас тұрақты болуы керектігін атап кетті. Мектеп оқушыларының сабаққа қатысымы, үлгерімі, мектеп формасының сақталуы оқушылардың себепсіз сабақтан қалмауы басты назарға алды.

Қысқы оқу кезінде шаңғы тебу сағаттары ұйымдастырылатыны , оқушылардың қалың киімі мен қолғабы міндетті түрде болуы , қауіпсіздік шараларын сақтауы керектігін ескертіп айтты. Оқу жылында «Үздік сынып», «Үздік оқушы» , «Үздік ата-ана» , «Үздік мұғалім» сынды номинация болатындығын және белгілі бір шарттар бойынша таңдап алынатындығын атап көрсетті.

**Екінші мәселе бойынша** қамқоршылық кеңесінің төрайымы Аманжолова Р.Ж сөз сөйледі. Жаңа жылдық сыйлықтар мен безендіруге жұмсалған қаражат бойынша есеп берді.


Мектепте жаңа жыл қарсаңында 0-11 сынып оқушылары арасында жәрмеңке ұйымдастырылды. Мектеп ұстаздары мен учаскелік полиция қызметкері Кузбаков К.М арнайы жаңа жылдық сыйлыққа өз көмегін берді. Осы жәрмеңкеден түскен ақша жаңа жылдық сыйлықтар мен безендіруге жұмсалғаны жөнінде ақпарат берді.

**Үшінші мәселе бойынша** директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Әбілхаева Г.Н сөз сөйледі.


Мектебімізде тегін ыстық тамақпен қамту бойынша 14 бала қамтамасыз етілген. Мектеп асханасына жауапты «Сания» ЖК Сейітқали Исламбек Сүндетұлы. Әр апта сайын бракераж комиссиясы асхананың санитарлық жағдайын тексереді. Қаңтар айында тегін ыстық тамақ бойынша өтініштер түскен жоқ. Балалар арасында дұрыс тамақтану әдебі бойынша қосымша іс-шаралар ұйымдастырылып жатыр.


### Шешімі:


1. 2022-2023 оқу жылындағы мектеп жұмысының II жарты жылдық жұмыс жоспары тиісті деңгейде ұйымдастырылған және осы бағыт бойынша жалғастырылсын.
2. Қамқоршылық кеңес мүшелерімен құрылған жұмыс жоспары әрі қарай осы бағыт бойынша ұйымдастырылсын.
3. 2022-2023 оқу жылына арналған тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету жұмысы тиісті деңгейде жалғастырылсын. Бракераж комиссиясы тиісті деңгейде жұмысы жалғастырылсын.

Төрайымы:  Р.Ж.Аманжолова


Хатшы:  Қ.Т.Абилхаева


Мүшелері:  З.А.Есенова


 А.Е.Байденова

 Т.Г.Заранко

 Ә.К.Расбаева

 Н.А.Цюпак

 Д.В.Дауренбек

 А.Т.Гаспенов